



ҮКІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 19 желтоқсан №7141-23-00-1/1031

Астана қаласы

Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Қарабаев, хатшылықта - сот отырысының хатшысы М.К.Сыздыкова, мемлекеттік айыптаушы - Астана қаласы прокуратурасының басқарма аға прокуроры Е.Зайнулдин, сотталушы А.Қ.Сембайдың, сотталушының қорғаушы – адвокат М.Аманжолованың қатысуларымен ашық сот отырысында, жалпы тәртіппен, бейнеконференц құрылғыларын және «Zoom» мобильдік қосымшасын пайдалана отырып, қылмыстық істі қарады, ол бойынша:

Асқар Қажажімулы Сембай, 28.10.1965 жылы Солтүстік Қазақстан облысында туылған, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, білімі - жоғары, заңды некеде тұрады, тұрғылықты мекен-жайы: Астана қаласы, Қарасай батыр көшесі, №26/2-үй, 11-пәтер, бұрын сотты болмаған, 12.05.2023 жылы «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтарпау шарасы қолданылған, сотқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 405-бабының 1-бөлігінде және 179-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін берілген,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Конституцияның 5-бабына сәйкес, мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Конституциясының 20-бабында Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен

зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді деп көрсетілген.

2017 жылдың сәуір айында, бірқатар қылмыстарды жасағаны үшін құзыретті органдармен іздеуге жарияланып, шетел аумағында жасырынып жүрген М.Аблязов, өзі бұрын құрған, әлеуметтік алауыздықты қоздыруға, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді насихаттауға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге және билікті күшпен басып алуға бағытталған экстремистік мақсаттарды көздейтін «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (әрі қарай - «ҚДТ») әлеуметтік-саяси қозғалысының әрекетін қайтадан бастауын жарияланған.

2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес, ұйымды экстремистік деп тану сот тәртібімен жүзеге асырылады. Егер ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) біреуі болса да осы ұйымның басшы органдарының бірінің рұқсатымен экстремизмді жүзеге асыратын болса, ұйым экстремистік деп танылады.

Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2018 жылғы 18 наурыздағы шешімімен «Қазақстанның демократиялық таңдауы» тіркелмеген қозғалысы экстремистік ұйым деп танылып, оның Республиканың бүкіл аумағындағы кез келген қызметіне тыйым салынды.

Конституцияның 76-бабына сәйкес, соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Сотталушы А.Қ.Сембай, экстремизмді жүзеге асыруына байланысты «ҚДТ» ұйымының қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің бар екенін нақты біле тұра, М.Аблязов жариялаған заңсыз митингтерге бірнеше рет қатысып, «ҚДТ» ұйымының қатарына қасақана қосылған.

Бұдан бөлек, А.Қ.Сембай әлеуметтік желілерде 2022 жылдың ақпан айынан бастап 2023 жылғы 5 мамыр аралығында видео үндеулер мен жарияланымдарда жаппай көше наразылығын ұйымдастыру туралы «ҚДТ» экстремистік ұйымының идеялары мен бағдарламаларын насихаттайтыны және бұл ұйымның лидері М.Аблязовтың мәлімдемелеріне жиі сілтеме жасайтыны анықталды.

А.Қ.Сембай, Астана қаласы аумағында бола тұра, өзінің іс-әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін түсініп, қоғамға қауіпті салдардың болуы мүмкін екендігін және болмай қоймайтынын біле отырып, олардың орнауын қалап, қасақана, Астана қаласы, Есіл ауданы сотының 2018 жылғы 18 наурыздағы шешіміне сәйкес «ҚДТ» экстремистік ұйым деп танылғанын және оның Қазақстан Республикасы аумағында қызметіне тыйым салынғанын біле тұра, осы ұйым идеологиясын ұстанып, аталған ұйымның жақтастары санын арттыру мақсатында, «Facebook» әлеуметтік желісіндегі



«Аскар Сембай» атты жеке парақшасы арқылы жүйелі түрде әрі саналы түрде қызметін ұйымдастырып отырған.

2022 жылғы 7 қарашада А.Қ.Сембай, «Facebook» әлеуметтік желісінде өзінің жеке парақшасында экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салынған «ҚДТ» ұйымының заңсыз қызметін мақсатты түрде жалғастыруға, ұйымдастыруға және алға қойған деструктивті саяси мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған өзінің қатысуымен бейнежазбалар таратты.

Сонымен қатар, Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақтылығын бұзу мақсатында, 2022 жылғы 20 қарашада жаппай көше наразылығын ұйымдастыруды жоспарлау туралы «Facebook» әлеуметтік желісінде 2022 жылғы 10 қарашада өзінің қатысуымен бейнежазба шығарып, «ҚДТ» экстремистік ұйымның қызметін ұйымдастырды.

А.Қ.Сембай 2022 жылы 17 қарашада экстремизмді жүзеге асыруына байланысты сот шешімімен Республика аумағында тыйым салынған «ҚДТ» ұйымының қызметін ұйымдастыруды жалғастыруға бағытталған әрекеттерді «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасында өзінің қатысуымен бейнежазбалар арқылы таратқан.

А.Қ.Сембай өзінің қылмыстық ниетін жалғастыра отырып, Астана қаласы аумағында бола тұра, 2022 жылғы 7 ақпанда «Facebook» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында азаматтардың ұяшықтар жасап, «ҚДТ» экстремистік ұйымының жақтастарымен құрылған заңсыз штабына бару туралы ақпаратты М.Аблязовтың жариялаған постына сілтеме жасап, тікелей пиғылмен ақпарат тарата отырып, осы ұйым әрекетін ұйымдастырды.

Сонымен қатар, А.Қ.Сембай, 2023 жылғы 12 сәуірде «Telegram» мессенджерінде қоғамда «ҚДТ» экстремистік ұйымының заңсыз қызметін және идеологиясын тарату мақсатымен, «ҚДТ» ұйымының басшыларының қатысуымен, олармен қауіпсіз байланысты қамтамасыз ету үшін «КӨК БӨРІ» атты жасырын ұяшық ашып, ұяшыққа өзге адамдары қосып, «ҚДТ» ұйымының қызметін ұйымдастырды.

Бұдан бөлек, А.Қ.Сембай қоғамға қауіпті салдарды туралы біле отырып және оны қалап, «ҚДТ» экстремистік ұйымының идеологиясын қолдау және тарату мақсатында 2022 жылдың ақпан айынан бастап 2023 жылдың мамыр айына дейін экстремизмді жүзеге асыруына байланысты сот шешімімен тыйым салынған «ҚДТ» ұйымының басшысы М.Аблязовтың жариялаған мәтіндерін қазақ тіліне аудару арқылы мәліметтерді дайындап, өзінің әлеуметтік желілердегі парақшаларында жариялаған.

Сонымен, сотталушы А.Қ.Сембай «ҚДТ» ұйымына қатысты экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, оның қызметін ұйымдастырды.



Бұдан бөлек, А.Қ.Сембай, Астана қаласы аумағында бола тұра, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмысты келесі мән-жайларда жасады:

А.Қ.Сембай, «ҚДТ» экстремистік ұйымының әрекетін ұйымдастырушы бола тұра, «Facebook» әлеуметтік желісін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті күшпен басып алуды насихаттау мен оған жария түрде шақырып, осындай мазмұндағы материалдарды мақсатында дайындап, сақтап, таратқан.

Яғни, 2022 жылғы 7 қарашада А.Қ.Сембай Астана қаласы аумағында бола тұра, «Facebook» әлеуметтік желісін пайдалана отырып, халықты 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Президенттік сайлауға қатыспай, экстремизмді жүзеге асырылуына байланысты сот шешімімен тыйым салынған «ҚДТ» ұйымның басшысы М.Аблязов айтқан мекен-жайларға жиналып, билікті құлатуға және ауыстыруға бағытталған өзінің бейнежазбасын таратқан.

Ол, өзінің қылмыстық ниетін жалғастыра отырып, іс-әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін түсініп, олардың орнауын қалап, қасақана ниетпен, Астана қаласы аумағында бола тұра, 2022 жылғы 17 қарашада «Facebook» әлеуметтік желісінде билікті күшпен басып алуға бағытталған өзінің бейнежазбасын таратты.

2022 жылғы 18 қарашада А.Қ.Сембай, Астана қаласы аумағында, «Facebook» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында орналастырылған өзінің қатысуымен бейнежазбасында «ҚДТ» экстремистік ұйымының идеологиясын насихаттап, Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, елдегі билікті күшпен басып алуға бағытталған ақпаратты жариялаған.

Сонымен қатар, А.Қ. Сембай 2023 жылғы 28 сәуірде Астана қаласында бола тұра, «Facebook» әлеуметтік желісіндегі өзінің бейнежазбасында Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті құлатуға шақыратын ақпарат жариялаған.

2023 жылғы 5 мамырда Астана қаласы аумағында бола тұра, А.Қ.Сембай «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасында Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті күшпен басып алу туралы бейне ақпарат таратқан.

Сонымен, сотталушы А.Қ.Сембай, бұқаралық ақпарат құралдарын және телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті басып алуды насихаттады және оған жария түрде шақырды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Басты сот талқылауында сотталушы А.Қ.Сембай тағылған айыппен келіспей, келесідей жауап берді, яғни ол Астана қаласында 2002 жылдан бері тұратындығын, 2020 жылдан бері жұмыссыз екендігін, «Қазақстанның Демократиялық таңдауы» ұйымы сот шешімі бойынша тыйым салынғанын



білмейтіндігін, аталған ұйымнан ешкімді танымайтынын, ол ұйымның елді дамыту бойынша бағдарламаларын білетінін, олардың кейбір тармақтарымен келісетінін, сол ұйымның өзі келісетін бағдарламаларын мемлекеттік тілге аударып «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілеріне салғандығын және де әлеуметтік желілер арқылы «ҚДТ» ұйымының митингке шығу туралы посттарын репост жасағанын, бірнеше рет митингке шыққандығын, ол бойынша бірнеше рет заңсыз әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығын, өйткені әр адам өзінің ойын, пікірін еркін айта алу және оған шектеу қойылмау керектігін, митингілер ұйымдастыру барысында және де «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы насихаттау жүргізу барысында күш қолдану арқылы билікті басып алуға емес, бейбіт митингілер арқылы саяси реформалар жасауды көздегенін, тағылған айыппен келіспей соттан ақтау үкімін шығаруды сұрады. (файл: 2023-11-29 11.30.01: уақыт: 11:30 сағат)

Сот, сотталушы А.Қ.Сембайдың жасаған қылмыстық әрекеттері, ол кінәсін мойындамағанына қарамастан, куәлердің жауаптарымен, бейнежазбалармен, сот-сараптамаларының қорытындыларымен, және де басты сот талқылауында зерттелген басқа да іс-құжаттарымен толық өз дәлелін тапты деп санайды.

Басты сот талқылауында сарапшы ретінде сұралған А.К.Айдарбекова өз жауабында, ол осы іс бойынша жасалған сараптама қорытындысын қуаттайтынын, психологиялық зерттеу тұрғысынан сотталушы А.Қ.Сембайдың «Facebook» парақшасынан алынған бейнежазбаларында жағымсыз сыни және эмоционалды бағалаудың болуы, халықты митинг-шерулерге қатысуға шақыру, қазіргі билікті өзгертіп, жүйені ауысуына-құртуына итермелеу және Қазақстан Республикасының Президенті мен билік өкілдеріне қатысты жағымсыз, сыни ой-пікірдің қалыптасуына әкелетін – дисфункционалдық әсер тудыратынын, бейнежазбадағы насихаттау нәтижесінде адамдар тобының баяндалған ақпаратқа бір жақты көзқараспен қарайтынын атап өтті. (файл: 2023-11-06 10.35.55: уақыт: 10:35 сағат)

Басты сот талқылауында сарапшы ретінде сұралған З.А.Абдулжанова өз жауабында, ол осы іс бойынша жасалған сараптама қорытындысын қуаттайтынын, филологиялық зерттеу тұрғысынан сотталушы А.Қ.Сембайдың «Facebook» парақшасынан алынған бейнежазбалар қазіргі билікті сынауға, Қазақстан Республикасының Президентінің іс-әрекетін теріс бағалауға, елде болып жатқан саяси, экономикалық өзгерістерге өз көзқарасын білдіруге және тыңдарманын, яғни халықты жиырмамыншы қарашада Президенттік сайлауға бармай, М.Аблязов көрсеткен мекенжайға шеруге/митингке шығуға, қазіргі билікті өзгертуге және күштеп басып алуға шақыратын үндеулер бар екенін атап көрсетті. (файлы: 2023-11-06 10.58.05: уақыт: 10:58 сағат)



Басты сот талқылауында сарапшы ретінде сұралған А.М.Нысанбаева өз жауабында, ол осы іс бойынша жасалған сараптама қорытындысын қуаттайтынын, саясаттанушылық зерттеу тұрғысынан сотталушы А.Қ.Сембайдың әлеуметтік желілердегі парақшасынан алынған материалдардың мазмұнында Қазақстан Республикасында тыйым салынған «Қазақстан демократиялық таңдауы» экстремистік ұйымының әрекетін насихаттау, ұйымдастыру және оған қатысу белгілері анықталғанын. Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті күшпен басып алуды бағыттаған насихаттау белгілері бар екенін атап көрсетті. (файл: 2023-11-06 11.13.05: уақыт: 11:13 сағат)

Басты сот талқылауында сарапшы ретінде сұралған Е.К.Кожбанхан өз жауабында, ол осы іс бойынша жасалған сараптама қорытындысын қуаттайтынын, саясаттанушылық зерттеу тұрғысынан А.Қ.Сембайдың «Facebook» парақшасынан алынған бейнежазбаларында сот шешімімен қызметіне тыйым салынған «ҚДТ» ұйымының экстремистік идеялары мен көзқарастарын насихаттау белгілері бар екенін атап көрсетті. (файл: 2023-11-15 16.45.05: уақыт: 16:45 сағат)

Басты сот талқылауында қауіпсіздік шаралары қолданылған куә А.Б.Смагулов өз жауабында, 2022 жылдың желтоқсан айының басында «Facebook» әлеуметтік желісінде Сембай Асқар есімді азаматтың парақшасына тап болып, оның парақшасына «ҚДТ» ұйымымен ұйымдастырылған митингіге шығу туралы ақпарат салынғанын, М.Аблязовпен шығарылған ақпараттарды репост жасағанын көргенін. А.Қ.Сембайдың бейнежолдауында ол 2022 жылдың 20 қарашасы күні халықты жергілікті әкімшіліктердің маңайына жиналып, оның ішін басын алып, жүйені құлату, билікті тұтқынға алу, уақытша үкімет орнату және митингіге қатысқан адамдарға 5 миллион теңгеден, ал полиция қызметкерлеріне 25 миллион теңгеден төленетінін насихаттағанын айтып көрсетті. (файл: 2023-11-15 17.10.05: уақыт: 17:31 сағат)

Басты сот талқылауында қауіпсіздік шаралары қолданылған куә С.С.Бекова жоғарыдағы көрсетілген куә А.Б.Смагуловтың жауаптарына мазмұндас жауап берді. (файл: 2023-11-15 17.31.05: уақыт: 17:10 сағат)

Басты сот талқылауында куә С.П.Ошакбаева өз жауабында, «Facebook» әлеуметтік желісінде А.Қ.Сембайдың парақшасын қарап отыратындығын, сол әлеуметтік желіде А.Қ.Сембай саясатқа қатысты, демократияны орнату және халықты сауаттандыру бойынша ақпарат шығаратынын, халық арасында бейбіт шерулерге шақыратындығын, күш қолдану арқылы билікті ауыстыру туралы ақпарат таратқанын көрмегенін, сотталушының әділ адамгершілігі мол екенін атап көрсетті. (файл: 2023-11-29 10.38.38: уақыт: 10:38 сағат)

Басты сот талқылауында куә Қ.Т.Сейткалиев өз жауабында, ол сотталушы А.Қ.Сембаймен 2019 жылы митингтердің бірінде танысқандығын, бірнеше митингіде бірге болғандығын, сотталушының



адамгершілігі мол және әділ адам ретінде сипаттап, ешқашанда билікті күштеп ауыстыру туралы насихаттар жүргізбегенін айтып көрсетті. (файл: 2023-11-29 11.12.05: уақыт: 11:12 сағат)

Басты сот талқылауында маман ретінде жауап берген А.К.Каиржанов өз жауабында, психолінгвистік және тарихи-филологиялық зерттеу тұрғысынан сотталушы А.Қ.Сембайдың «Facebook» парақшасынан алынған бейнежазбаларында талданған сөздерінен экстремистік ұйымға тікелей қатысатынын көрсетпейтіндігі және сөздерінде Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысын күштеп құлатуға шақырмайтыны туралы, олардың жалпы идеясы қоғамды демократияландыруға шақыратынын көрсетті. (файлы: 2023-11-29 12.19.06: уақыт: 12:19 сағат)

Сот тергеуінде зерттелген куә А.Касымовтың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында берген жауабына сай, сотталушы А.Қ.Сембайды «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы сырттай танитынын, А.Қ.Сембай өзінің жеке парақшасында демократияны орнату туралы ақпарат шығарғанын, оның тікелей эфирлерін көргенін, А.Қ.Сембайдың парақшасын қарап отыратындығын, билікті ауыстыру туралы ұсынысын қолдайтынын көрсеткен. (3-бума іс.б.90-93).

Сот тергеуінде зерттелген куә Н.Тастаев куә А.Касымовтың жауаптарына мазмұндас айғақ берген. (б.3 і.б.102-105).

Сонымен қатар, сотталушының кінәсі келесі іс-құжаттармен дәлелденеді.

Атап айтқанда, қылмыстық істегі сотталушы А.Қ.Сембайға қатысты жеке мәліметтеріне сәйкес, ол бірнеше рет Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылып, оған айыппұл және әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза тағайындалған (1-бума іс.б.42-66, 73-131).

18.01.2023 жылғы заттар мен құжаттарды қарап тексеру хаттамасын, сотталушы А.Қ.Сембайдың 07.11.2022 жылғы, 10.11.2022 жылғы, 17.11.2023 жылғы бейнежазбаларын және олардың стенограммаларын зерттеу барысында, сотталушы А.Қ.Сембайдың әрекетінде «ҚДТ» ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, олардың қызметін ұйымдастырғаны, сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарын және телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті басып алуды насихаттау және оған жария түрде шақырғаны анықталды (1-бума іс.б.132-149).

Сотта зерттелген бейнежазбалар, әлеуметтік желідегі А.Қ.Сембай сөздерінің стенограммалары, А.Қ.Сембайдың «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасынан алынған бейнежазба негізінде жүргізілген 2023 жылғы 18 сәуірдегі №1142 кешенді сот-сараптама қорытындысына сәйкес,



сотталушы А.Қ.Сембайдың әрекеті қазіргі билікті сынауға, Қазақстан Республикасы Президентінің іс-әрекетін теріс бағалауға, елде болып жатқан саяси, экономикалық өзгерістерге өз көзқарасын білдіруге және тыңдарманын, яғни халықты жиырмамыншы қарашада Президенттік сайлауға бармай М.Аблязов көрсеткен мекен-жайға шеруге-митингке шығуға, қазіргі билікті өзгертуге шақыруға бағытталған. Зерттеуге ұсынылған материалдарында билікті күшпен басып алуға шақыратын үндеулер бар. Аудиторияның әр тектілігіне байланысты: тыңдармандардың дүниетанымы, түрлі мәдени, өмірлік тәжірибесі, жалпылай білім алу деңгейіне сәйкес бұл талданылған бейнежазбалардағы А.Қ.Сембайдың үндеуіндегі жағымсыз сыни және эмоционалды бағалаудың болуы, ол автордың көтерілген мәселеге деген көзқарасымен және оны шешу жолдарымен танысуға байланысты – функционалды әсер, сондай-ақ халықты митинг-шеруге қатысуға шақыру, қазіргі билікті өзгертіп, жүйені ауысуына – құртуына итермелеу және Қазақстан Республикасының Президент пен билік өкілдеріне қатысты жағымсыз, сыни өй-пікірдің қалыптасуына әкелетін – дисфункционалды әсер тудыру мүмкін. Бейнежазбалардағы психологиялық әдіс-тәсілдер әсерінің нәтижесінде қоғамдағы келесі адамдар тобының жай-күйі, ой-пікірі мен мінез-құлқының өзгеруі мүмкін: - мәдени деңгейі жоғары, сөздердің мағынасын толық түсінетін, ішкі сенімдері материалдарда баяндалған ақпаратпен сәйкес келетін адамдар; - жеткілікті сыни қабілеті жоқ, жеткілікті өзіндік сын түйіні жоқ немесе баяндалған ақпаратқа бір жақты көзқараспен қарайтын адамдар. Зерттеуге ұсынылған материалдарда сот шешімімен қызметіне тыйым салынған «Қазақстан демократиялық таңдау» (ДВК) ұйымының экстремистік идеялары мен көзқарастарын насихаттау белгілері бар. Бұл ұйымының қызметіне қатысу және бұл ұйымының қызметін ұйымдастыру белгілері бар (2-бума іс.б.8-23).

30.05.2023 жылғы заттар мен құжаттарды қарап тексеру хаттамасына сәйкес, сотталушы А.Қ.Сембайдың «Samsung» маркалы ұялы телефонын қарау барысында, «Telegram» қосымшасында «КӨК БӨРІ» атты топ анықталды, топтың ішінде 9 адам тұрады. Онда: Мухтар Аблязов, Елдос Насипбеков, Даурен Исаев, Raushan Tolganbaeva, Гулнара Жумагулова, Заманбек Тлеулиев, САРҚЫТБЕК АҒА, Медет, Askar Sembai аққаунттары қосылған. Аталған азаматтар «ҚДТ» ұйымының басшылары және белсенді қатысушылар болып табылады. Бұл топта хат алмасу барысында топ мүшелері митинг-шерулерді қай жерде және қаншада ұйымдастыруды талқылап жатқан. Президенті мен билік өкілдеріне қатысты жағымсыз, сыни өй-пікірлерімен бөліскен. Сонымен қатар осы телефонда орнатылған сотталушы А.Қ.Сембайдың «Facebook» парақшасы анықталып, ішінде А.Қ.Сембай «Аблязовтың Тоқаевқа ұсынысы» атты тақырыпқа тікелей эфир, «ҚДТ» штабының үйлестіруші З.Тлеулиевтің видеосы анықталып, ішінде Назарбаев-Тоқаев режимін міндетті түрде құлататындары туралы



айтылған. Осы парақшада А.Қ.Сембай бірнеше жаппай митингке шығу туралы, М.Аблязовтың сұхбаттары туралы тікелей эфирлер жүргізгені және М.Аблязовтың мақалаларын жария еткені анықталды (2-бума іс.б.42-52).

30.05.2023 жылғы заттар мен құжаттарды қарап тексеру хаттамасына сәйкес, сотталушы А.Қ.Сембайдың ноутбугын қарау барысында, ол жерде бірнеше М.Аблязов туралы мәліметтер мен мақалалар, билікке қарсы, оны ауыстыру тақырыптағы және басқа да материалдар бар екені анықталды (2-бума іс.б.67-77).

18.05.2023 жылғы сот-медициналық қорытындысына сәйкес, сотталушы А.Қ.Сембайдың денесінде келесі дене жарақаттары анықталды: оң білектің және сол жақ тізе буынының терісі сыдырылған жер анықталды, бұл жарақат тексеруге дейін шамамен 3-5 күн бұрын пайда болған (2-бума іс.б.87-90). Бұл дене жарақатты сотталушы А.Қ.Сембай үйінде жиһаз тасығанда пайда болған деп көрсетті (2-бума іс.б.96-98)

2023 жылғы 1 қыркүйектегі №4186 кешенді сот-сараптамасы қорытындысына сәйкес: Зерттеуге берілген материалдарда сотталушы А.Қ.Сембайдың үндеулері Қазақстан Республикасының территориясында болып жатқан саяси жағдайларды талқылауға, билік өкілдерінің іс-әректтеріне наразылық білдіруге, қазіргі үкіметке қарсы шығып оны құлатуға үндеуге, әр түрлі мақсаттарды орындау үшін қаржылай көмек көрсетуді өтінуге бағытталған. Зерттеуге ұсынылған материалдарда М.Аблязовтың айтылымдарында митингі ұйымдастыруға және билікті күшпен басып алуға шақыратын үндеулер бар. Аудиторияның әр тектілігіне байланысты: тыңдармандардың дүниетанымы, түрлі мәдени, өмірлік тәжірибесі, жалпылай білім алу деңгейіне сәйкес бұл талданылған материалдардағы сөз сөйлемдер, үндеу жазбаларында жағымсыз сыни және эмоционалды бағалаудың болуы, ол автордың көтерілген мәселелерге деген көзқарасымен танысу - функционалды әсерімен қатар, қоғамдағы келесі адамдар тобының пікірі, көзқарастағы қарама-қайшылық, әр түрлі ой-пікір, келіспеушілікке әкелетін дисфункционалдық әсер тудыруы мүмкін: - материалдарда баяндалған автордың көтерген мәселерге қатысты көзқарастарымен келісетін адамдар; - баяндалған автордың көтерген мәселерге қатысты көзқарастарымен келіспейтін адамдар арасында. Зерттеуге ұсынылған материалдар билік өкілдеріне деген негативті ой-пікірдің қалыптасуына, митинг-шеруге қатысудың, ұяшық құрудың қажеттілігіне, сонымен қатар, қазіргі билікті өзгеруіне, құлатуға шақыру, жүйені құртуына үндеу жөнінде көзқарастың қалыптасуына бағытталған. Осыған орай, зерттеуге ұсынылған материалдардағы мәтіндерінде баяндау стилі, мәнері басқа адамның күйінің, ой-пікірлерінің, пайымдауларының, мінез-құлықтарының және жалпы санасының өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Зерттеуге ұсынылған материалдардың мазмұнында Қазақстанда тыйым салынған «Қазақстан демократиялық таңдауы» экстремистік ұйымының әрекетін насихаттау, ұйымдастыру және оған қатысу белгілері бар.



Зерттеуге ұсынылған материалдарда, атап айтқанда, «ҚДТ» үгіт-насихат сипатындағы материалдары мен А.Қ.Сембайдың сөздерінде Қазақстан Республикасы Конституциясын бұзып, билікті күшпен басып алуды бағытталған насихаттау белгілері бар (3-бума іс.б.67-84).

Сот жиналған және зерттелген дәлелдемелердің жиынтығы жеткілікті және айыптау үкімінің негізіне алынуы мүмкін деп есептейді.

Іс бойынша сот тергеуін жүргізе отырып, қылмыстық іс құжаттарын зерттеп, сотқа ұсынылған барлық дәлелдемелерді бағалай отырып, сот А.Қ.Сембайдың қылмыстық әрекеттерін ҚК-нің 405-бабының 1-бөлігімен саралайды, яғни ұйымның экстремизмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, олардың қызметін ұйымдастыру және ҚК-нің 179-бабының 2-бөлігімен саралайды, яғни бұқаралық ақпарат құралдарын және телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясын бұзып, билікті басып алуды насихаттау және оған жария түрде шақыру.

Осы іс бойынша алынған және үкімде көрсетілген барлық дәлелдемелер қылмыстық-процестік заңына сәйкес жиналған, оның жол берілетіндігі мен қатыстылығы сот отырысында тексерілген.

Адвокат М.Аманжолованың сұрауына «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Астана қаласы бойынша Департаменті» ММ-нің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) берілген жауабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірінғай тізіліміндегі деректер базасымен қағаз нысандағы қылмыстық іс бойынша мәліметтер сәйкес келмеуіне байланысты дәлелдемелерге жол берілмейтін деп тану туралы өтініш білдірді, алайда сот бұл өтінішті қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп табады.

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы №510 Заңына сәйкес карточкадағы мәліметтер ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асыратын статистикалық мәліметтер қатарына жатады.

Қылмыстық іс материалдарында тергеуші А.Абсадық 17.01.2022 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау және қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау туралы қаулы шығарған (1-бума іс.б.2).

17.01.2023 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тергеушілер мен анықтау органы қызметкерлері тобына (жедел-тергеу тобына) тапсыру туралы қаулы шығарған (1-бума іс.б.10).

Аталған қаулымен сотталушы А.Қ.Сембай танысып, оған тергеу-жедел тобының жетекшісі мен қатысушыларына қарсылық білдіру туралы түсіндірілген және қаулыға қол қойған.

Жедел-тергеу тобын құру туралы қаулы қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілген.

ҚПК-нің 42-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қағаздағы және (немесе) электрондық форматтарда жүргізіледі.



Қылмыстық сот ісін одан әрі электрондық форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші адам қағаздағы форматқа көшеді. Қылмыстық процесті электрондық форматта жүргізу туралы қаулыға қылмыстық процеске қатысушылар осы Кодекстің 100-бабында көзделген тәртіппен шағым жасай алады.

Аталған қылмыстық іс қағаз түрінде жүргізілген (1-бума іс.б.9).

Алайда қорғау тарапымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында осы мәселе бойынша шағымдар келтірілмеген.

Сондай-ақ, сотта қылмыстық істі зерделеу барысында қылмыстық іс бойынша іс қағаз түрінде жүргізілгені жария етілді.

Сот қылмыстық іс жүргізу заңнамасын бұзушылықтар жоқ деген пікірге келеді, себебі ҚСЖАЕК ұсынған хатта көрсетілген іс жүргізу құжаттары қағаз түрінде қылмыстық іс құжаттарында тіркелген.

Аталған мән-жайлар қылмыстық заңнама талаптарының елеулі бұзушылықтарының қатарына жатпайды және дәлелдемелерге жол берілмейтін деп тануға негіз бола алмайды.

Одан бөлек, адвокат М.Аманжолованың маман А.К.Каиржановтың қорытындыларын іске тіркеу және дәлелдеме ретінде тану туралы өтініші келесі себептермен қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

ҚПК-нің 125-бабында көрсетілгендей әрбір дәлелдемені қатыстылығы, жарамдылығы, нанымдылығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығын қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалауға тиіс.

ҚПК-нің 112-бабына сәйкес, нақты деректер, егер олар осы Кодекстің талаптары бұзыла отырып алынса, алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету арқылы немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзу арқылы ықпал етсе немесе ықпал етуі мүмкін болса дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуға тиіс.

ҚПК-нің 272-1-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың сұрау салуы негізінде осы Кодекстің 122-бабы үшінші бөлігінің 3-тармағында көзделген тәртіппен сот сараптамасын жүргізу қылмыстық процесті жүргізетін органнан зерттеу объектілерін талап ету қажет болмаған жағдайда жүргізіледі.

Алайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысқан қорғаушы М.А.Доскараевтан тергеу органына зерттеу объектілерін талап ету туралы өтінішхаты түскен жоқ. Маман А.К.Каиржановтың қандай зерттеу объектісіне (бейнежазбаға) қорытынды жасағаны белгісіз. Яғни, оның дұрыстығы, шынайылығы күмән келтіреді.

Сонымен қатар, ҚПК-нің 272-1-бабының 3-бөлігіне сәйкес, қорғаушы, сот сараптамасын жүргізу туралы сұрау салуын жіберу туралы қылмыстық процесті жүргізетін адам бір мезгілде хабардар етіледі, ол сарапшыға



қарсылық білдіруге осы Кодекстің 93-бабында көзделген негіздердің бар-жоғын тексереді, сондай-ақ қажет болған кезде сарапшыға қосымша сұрақтар жібереді.

Қорғаушы М.А.Доскараев тергеу органына сараптама немесе зерттеу жүргізу туралы сұрау салған жоқ.

Бұдан бөлек, қорғаушы, сарапшыға сот сараптамасын жүргізу туралы сұрау салуды және сараптама объектілерін табыс етеді, оған осы Кодекспен көзделген құқықтар мен міндеттерді түсіндіреді және қолхат ала отырып, көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертеді. Көрсетілген қолхат қорғаушының хаты негізінде қылмыстық іс материалдарына қоса тігіледі.

Аталған талаптар қорғаушы М.А.Доскараевпен орындалған жоқ. Маман А.К.Каиржановтың ҚПК-нің 80-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілмеген және одан қолхат қылмыстық іс материалдарына тіркелмеген.

«Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы №16 Нормативтік қаулысына сәйкес, сараптамалық зерттеу объектілерін табу, алу мен есепке алу сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы сарапшы қорытындысын дәлелдеме ретінде қабылданбайды деп тануға әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай заңды елеулі бұзушылықтарға: сараптамалық зерттеу объектілерін сараптамаға дайындау мен жіберудің процессуалдық тәртібінің бұзылуы, іс бойынша сараптамалық зерттеуді (зерттеудің бір бөлігін) осы сараптаманы жүргізу тапсырылмаған адамдардың жүргізуі, сараптаманы жүргізуге құқығы жоқ немесе заңға сәйкес қарсылық білдіруге жататын адамның сараптама жүргізуі, сараптаманы тағайындау және жүргізу кезінде іс жүргізуге қатысушылардың құқықтарының бұзылуы және басқа сараптамалық зерттеуді толық әрі жан-жақтылы жүргізуге, сарапшының қорытындысының әділдігіне әрі негізділігіне шын мәнінде әсер ететін жағдайда заңды елеулі бұзушылықтар жатқызылуы мүмкін.

Осыған орай, 16.06.2023 жылғы және 21.09.2023 жылғы маман А.К.Каиржановтың қорытындыларын дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейді, себебі ҚПК-нің талаптары бұзылған, яғни, зерттеу объектісінің (бейнежазбаның) шынайылығы күмән келтіреді, тергеу органына маманға жолданған сұрау салу зерттеуге дейін ескертілген жоқ, маманның құқықтары мен міндеттері түсіндірілмеген және тиісті қолхат алынбай, қылмыстық іске тіркелмеген.

Одан бөлек, осы іс бойынша Алматы қаласы бойынша «Сот сараптамалары институтымен» жүргізілген 2023 жылғы 18 сәуірдегі №1142 және 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №4186 кешенді сот-сараптамаларының қорытындылары сотқа күмән туғызбайды, олардың анықтығы және толықтығы жеткілікті және сот аталған сараптама қорытындыларын негізге



ала отырып, істің шынайы мән-жайына сәйкес келетінін ескеріп, дәлелдеме негізіне алған жөн деп табады.

Жаза түрі мен мөлшерін тағайындау кезінде сот Қазақстан Республикасы ҚК-нің 52-бабының негізінде жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, сотталушының жеке басын, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін, ауырлататын мән-жайларды, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалын басшылыққа алады.

ҚК-нің 53-бабына сәйкес сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 54-бабына сәйкес, сотталушының жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

Сот, сотталушы А.Қ.Сембайға жаза тағайындау кезінде жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, қылмысты жасаған кездегі және қылмыстан кейінгі барлық мән-жайлардың жиынтығын, қылмысты жасау жағдайын, кінәлінің жеке бас деректерін, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың жоқ екенін, сотталушыға бас бостандығынан айырумен байланысты жаза тағайындау арқылы түзелуі мүмкін деген қорытындыға келеді.

Себебі, жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Сотталушы А.Қ.Сембаймен жасалған ҚК-нің 179-бабының 2-бөлігінде қарастырылған қылмыс үшін тек бас бостандығынан айыру жазасы көзделген және бұл қылмыс үшін баламалы жаза қарастырылмаған. Сонымен қатар, сот, сотталушы А.Қ.Сембайға ҚК-нің 63-бабында және 55-бабының 4-бөлігінде қарастырылған жеңілдіктерді қолдануға негіз жоқ деп санайды. Өйткені ол кінәсін мойындамады және жасаған қылмысына өкінбейді.

ҚК-нің 50-бабының 3-бөлігіне сәйкес, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін. Бұл орайда сот, А.Қ.Сембайға қатысты қосымша жаза ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалану арқылы қоғамдық саяси қызмет



саласы бойынша қызметпен айналысу құқығынан айыруды жөн деп табады. Өйткені сотталушы осындай қызметі атқарып жүріп қылмыс жасаған.

Сотталушы А.Қ.Сембайға ҚК-нің 46-бабының 5-бөлігінің 2-тармағына сәйкес, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленуге жатады.

2023 жылғы 14 маусымдағы №8881/406 сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысына сәйкес, сотталушы А.Қ.Сембай қандай да бір созылмалы психикалық аурумен ауырмайды және ауырмаған, өз іс-әрекетіне есеп беріп, оларды басқара алады, өзінің психикалық жағдай бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруге және сотқа қатыса алады, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға қажет етпейді (2-бума іс.б.143-146).

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 178-бабына сәйкес сотталушы А.Қ.Сембайдан сот сараптамаларына жұмсалған, жалпы сомасы 1 070 теңгені құрайтын процестік шығындар мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

ҚК-нің 98-1, 98-2-баптарының тәртібінде, сотталушы А.Қ.Сембайдан ауыр қылмыс жасағаны үшін, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде «Жәбірленушілерге өтемақы қорына» мәжбүрлі төлем өндірілуі тиіс.

Іс бойынша заттай дәлелдемелер ҚПК-нің 118-бабына сәйкес шешілуге, яғни: «Samsung» маркалы ұялы телефон, әмиян, көлік жүргізу куәлігі, көлік құралын тіркелу куәлігі, «Газпромнефть» пластикалық картасы, «Jusan bank» пластикалық картасы, «Transcend» флеш-картасы, 2-дана қағаз, «Ascer» маркалы ноутбук, «Еуропа одағының» туы сотталған А.Қ.Сембайдың туысқандарына қайтарылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 387-390, 393, 395-398, 401-402 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ҮКІМ ЕТТІ:

Асқар Қажажіміұлы Сембай Қазақстан Республикасы ҚК-нің 405-бабының 1-бөлігінде және 179-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын, оған:

- Қазақстан Республикасы ҚК-нің 405-бабының 1-бөлігімен бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалану арқылы қоғамдық саяси қызмет саласы бойынша қызметпен айналысу құқығынан 5 (бес) жыл мерзімге айыра отырып, 3 (үш) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазасы тағайындалсын.

- Қазақстан Республикасы ҚК-нің 179-бабының 2-бөлігімен 6 (алты) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазасы тағайындалсын.



Қазақстан Республикасы ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігіне сәйкес, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру жолымен, А.Қ.Сембайға түпкілікті, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалану арқылы қоғамдық саяси қызмет саласы бойынша қызметпен айналысу құқығынан 5 (бес) жыл мерзімге айыра отырып, 6 (алты) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындалсын және жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеуге белгіленсін.

Сотталған А.Қ.Сембайға таңдалған «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылсын.

Жаза өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күнінен бастап есептелсін.

ҚК-нің 62-бабының 3-бөлігінің 2-тармағына сай, А.Қ.Сембайдың 12.05.2023 жылдан бастап үкім заңды күшіне енгенге дейінгі аралықта күзетпен ұстауда болған уақытының бір күні жазаны орташа қауіпсіз мекемеде өтеудің бір жарым күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылсын.

Сотталған А.Қ.Сембайдан мемлекет пайдасына 1 071 (мың жетпіс бір) теңге процестік шығын өндірілсін.

Сотталған А.Қ.Сембайдан «Жәбірленушілерге өтемақы қорына» жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 69 000 (алпыс тоғыз мың) теңге мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Заттай дәлелдемелер: 2 дана DVD дискілер, стенограммалар, скриншоттар, дәлелдемелерді сақтаудың бүкіл мерзім ішінде іспен бірге қалдырылсын.

Астана қаласы Полиция Департаментінің заттай дәлелдемелерді сақтау қоймасында сақтауда тұрған: «Samsung» маркалы ұялы телефон, әмиян, көлік жүргізу куәлігі, көлік құралын тіркелу куәлігін, «Газпромнефть» пластикалық картасы, «Jusan bank» пластикалық картасы, «Transcend» флеш-картасы, 2-дана қағаз, «Acer» маркалы ноутбук, «Еуропа одағының» туы, соттың үкімі заңды күшіне енгеннен кейін, сотталған А.Қ.Сембайдың туысқандарына қайтарылсын.

Үкімге іске қатысушы тараптар ол жариялаған күннен бастап 15 тәулік ішінде, ал сотталған А.Қ.Сембайға үкім көшірмесін алған күннен бастап, сол мерзімде Астана қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына, Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты арқылы шағым, өтінішхат келтіруге құқылы.

Төрағалық етуші судья:

А.Б.Қарабаев





Құжатқа қол қойылған: Қарабаев А. Б., 24.12.2023

